

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасындағы кезектен тыс педагогикалық кеңестің
№6 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

28.07.2026ж

Қатысканы: 22

Күн тәртібі

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша директоры М.Е.Овезова сөз алып, №5 кезектен тыс педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің 2026 жылғы 21 мамырдағы №134-нқ және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-нқ «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде балабақша өзін-өзі бағалауды өткізгені туралы есеп берді.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №114-нқ бұйрығына қосымша әдістемелік ұстанымының 1,2,3,4,5-қосымшалары негізінде 2023-20224, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарын қамти отырып жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Өзін-өзі бағалау қорытындысының есебімен комиссия мүшесі, балабақша әдіскері Джуматова Бибігүл таныстырып өтті. Атап айтқанда, комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес, білім беру ұйымының жұмыстарына мониторинг жүргізді.

Өзін-өзі бағалау комиссиясы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ұйым қызметін жан-жақты зерделегені айтылды.

Комиссия жұмысы барысында:

- білім беру ұйымының құрылтай және рұқсат құжаттары;
 - кадрлық құрамның біліктілік талаптарына сәйкестігі;
 - тәрбиелеу-білім беру процесінің ұйымдастырылуы;
 - оқу жұмыс жоспары, перспективалық жоспарлар мен циклограммалар;
 - тәрбиеленушілердің даму мониторингі;
 - педагогтердің кәсіби қызметі;
 - әдістемелік жұмыстар;
 - ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар;
 - материалдық-техникалық база;
 - санитариялық талаптардың сақталуы;
 - қауіпсіздік шаралары;
 - ішкі бақылау және білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесі
- толық зерделеніп, талдау жүргізілді

**Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе педагогикалық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасына сәйкес 101 балл «жақсы» деп танылсын.
2. Өзін-өзі бағалау материалдары мемлекеттік аттестаттау рәсіміне ұсынуға мақұлдандын.
3. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша тиісті құжаттар Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментіне мерзімінде жеткізілсін.



Төрайым: М.Овезова
Хатшы: М.Асанова